

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
«БІЛІМ» КӘСІБИ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ



**Кітапхана жұмыс жоспары**  
**2022-2023 оқу жылы**

Тараз 2022 жыл

## **«Білім» кәсіби гуманитарлық- техникалық колледжі кітапханасының 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары**

### **I. Мақсаты**

«Білім» кәсіби гуманитарлық- техникалық колледжі кітапханасы бір жағынан жалпы кітапхана нормалары мен қағидаларын ескерсе, келесі жағынан қазіргі заманғы оқу орнының оқу- тәрбие процесінің талаптарын басшылыққа алады.

Жаңартылған білім беру- болашақтың кепілі. ХХІ ғасыр- бәсеке ғасыры болғандықтан қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты- бәсекеге қабілетті маман дайындау. Нарықтық жағдайындағы мамандарға қойылатын талаптар- бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет, біртұтас ұлт, берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арналған кезекті жолдауында. «Біздің күшіміз- жастардың білімінде. Техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындары еңбек нарығының нақты сұранысына бейімделуі және еліміздің жаңа экономикалық бағдарының міндеттеріне сай болуы керек.» делінген.

Білім ордасы-жас ұрпақты үлкен өмірге дайындап, білім- ғылымға үйретіп, саналы азамат етіп шығаратын алтын ұя. Өйткені Қазақстанның бүгінгі мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты жан- жақты, терең білімді, интеллектуальдық деңгейін жоғары етіп қалыптастырудың бірден- бір жолы білім алушыларға білімді терең игерудің тиімді әдіс- тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Бұл ретте тек күзiреттiлiгi жоғары педагогтардың терең бiлiктiлiгiмен қатар, осы орайда бiлiм алушылардың кәсiптiк бiлiм деңгейiн көтеру кiтапхана жұмысының да алға қойған мақсаттарының бiрi.

### **II. Міндеті**

1. Білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі-бәсекеге қабілетті білімді меңгерген, зияткер ұлтты қалыптастыру.
2. Оқырмандардың ақпарат қажеттіктеріне сай кітапхананы пайдалану қағидаларында белгіленген білімгерлерге, оқытушыларға қызметкерлер мен оқырмандардың басқа да санаттарына толық әрі шапшаң сапалы, саналы тиімділікпен, жылдамдықпен кітапханалық және ақпарат-библиографиялық қызмет көрсету.
3. Оқырмандарды зерттеу, оқырмандар талабымен санасу. Оқу процессіне байланысты қажет әдебиеттерге уақтылы тапсырыстар беріп, қажет әдебиеттермен қамтамасыз ету, насихаттау және әңгіме жүргізу.
4. Кітапханадағы кітап қорының дұрыс сақталуын қадағалап, тозығы жеткен оқу орнына сәйкес келмейтін мазмұны жағынан ескірген әдебиеттерден кітапхана қорын уақтылы тазартып отыру.
5. Білімгерлерді кітапханалық – ақпарат мәдениеті дағдыларын қалыптастыру, ақпарат іздестіру әдістеріне үйрету, жүйелі оқуға деген қажеттілікті сіңіру.
6. Дәстүрлі кітапхана технологияларын жетілдіру және инновациялық ақпарат технологияларын ендіру, кітапхана үдерістерін автоматтандыру және ұйымдастыру техникасын пайдалану негізінде жаңа кітапхана технологияларын меңгеру.
7. Жылдық жоспар әзірлеу барысында ең алдымен- Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құжаттары, қазіргі заманға көкейкесті оқиғалар туралы материалдар, кітапхана ісі жөніндегі әдістеме ұсынбаларын басшылыққа алу.
8. Колледж бөлімшелерімен және қоғамдық ұйымдармен қызметін үйлестіру. Оқырмандардың әдебиетке деген қажеттіліктерін аса толығымен қанағаттандыру үшін басқа жүйелер мен ведомстволардың кітапханаларымен, ғылыми-техникалық ақпарат органдарымен ықпалдастық және өзара іліктестік.

## 1. Оқырмандарға қызмет көрсету, кітап қорымен жұмыс.

Реті	Кітапхана процестерінің атаулары	мерзімі
1.1	Оқу орнының табалдырығын алғаш аттаған білім алушыларға, оқырман формулярын толтырып, оқырмандар қатарына енгізе отыра колледждің тыныс- тіршілігімен, тарихымен, оқу процесімен, кітапхананы пайдалану ережелерімен жан- жақты таныстыру.	Қыркүйек
1.2	Өткен оқу жылындағы оқырмандар қатарындағы ұжым қызметкерлерін, оқытушылар мен 2-3-4 курс білім алушыларын жаңа оқу жылына қайта тіркеуден өткізу.	Қыркүйек
1.3	Оқырмандар пайдаланған кітаптарын кітапханаға өткізгенде кітап беттерін түгендеп, формулярларын тауып, қайтарғандығы туралы белгі соғып отыру.	Жыл бойы.
1.4	Кітап қорының сұранысы мен пайдалануын бақылап, қордың орналасуын тексеріп отыру.	Жыл бойы
1.5	Үстіміздегі <b>2023</b> жылдың 1-ші жарты жылдығына БАҚ-на уақтылы жазылу,	Қараша
1.6	Үстіміздегі <b>2023</b> жылдың 2-ші жарты жылдығына БАҚ-на уақтылы жазылу,	Мамыр
1.7	Тозығы жеткен, мағынасы жағынан ескірген кітаптарды сөреден қарап, іріктеу.	Қараша
1.8	Тозығы жеткен мағынасы жағынан ескірген кітаптарға кітапхана қорының есебінен шығару актісін жасау.	Желтоқсан
1.9	Тозығы жеткен мағынасы жағынан ескірген кітаптарға кітапхана қорының есебінен шығарылғандығы туралы мүлік кітабына белгі қоюға.	Акті рәсімделген жағдайда
1.10	Кітапхана қорын сақтау мақсатында көнерген және ақаулы (бүлінген) бірақ мағынасы жағынан пайдалануға болады деген кітаптарға ірі және ұсақ өңдеу жұмыстарын жүргізіп отыру:- түскен жыртылған барақтарын желімдеп, скочтап, жоғалған беттерін басқа серіктес кітабынан тауып көшірмеден өткізіп қалпына келтіріп отыру.	Жыл бойы.
1.11	Кітапхана қорына жаңа әдебиеттер келіп түскенде ілеспе құжаттары бойынша қабылдау, кітаптарды іріктеу, саны мен құнын құжаттармен салыстыру.	Қордың қозғалысы барысында.
1.12	- Кітапхана қорына түсетін құжаттарды есепке алу оларды тұрақты, ұзақ және уақытша сақтау құжаттары деп бөлу жолымен саралаған түрде жүзеге асырылады. - Мүлікке нөмір бере отырып тұрақты сақтау үшін есепке алуға құжаттың, тақырыптың түріне қарамастан, ағымдағы және болжамды оқушы сұранысымен қанағаттандыруға арналған құжаттар жатады. Кітапхана қорына енгізілген құжаттар таңбаланады. Бұл орайда басылымдардың 1-17 беттеріне мөртабандар, мүлік нөмірлерін қоюға және кітапханалық басқа да тиісті өңдеулерден өткізуге. - Қысқа мерзімді мәні бар ақпарат мазмұндалған құжаттар және көлемі 48 бетке дейінгі басылымдар уақытша сақтау үшін есепке алынуға (мүлік нөмірісіз) тиіс.	Қордың қозғалысы барысында.
1.13	Кітапхана қорына түскен және одан шығарылған құжаттардың барлық түрлерін жиынтық есеп кітабына енгізуге.	Қордың қозғалысы барысында.
1.14	Кітапхана қорынан басылымдарды пайдалануға алып, уақтылы	Жыл бойы.

	қайтармай жүрген оқырмандармен жұмыс. Қарыз оқырмандармен телефон байланысы арқылы, ашық хат жіберу тәсілдерімен, Whats App желісі арқылы ескертпелер айту.	
1.15	Оқырмандардың пайдалануға алған басылымдарды белгіленген мерзімде қайтаруын қадағалауға, алған кітаптарын өткізген жағдайда ғана кезекті сұраған басылымды беруге	Жыл бойы.
1.16	Оқырмандардың пайдалануға алған басылымдарын қабылдау кезінде басылымдардың бүлінбегендігін мұқият тексере отыра, қабылданған кітаптарды жүйелі алфавиттік тәртіпшеп сөрелерге орналастыру.	Жыл бойы.
1.17	Оқырмандардан жоғалған немесе бүлінген басылымдардың шынайы нарықтық құнын өндіруге, ал жоғалған немесе бүлінген басылымдарды алмастырудан бас тартқан жағдайда оқырманнан сол басылымның шынайы нарықтық құнынынан он есе мөлшерде өндіріп алу мақсатымен сот орындарына баруға, кәмелетке толмаған оқырмандар үшін жауапкершілікті оны қадағалаушы ата-анасы, асыраушысы тартады.	
1.18	Оқырмандардың пайдалануға алып жоғалтып алған немесе бүлінген басылымдардың орнына қабылданған кітаптар мен басқа да құжаттарды № 12-11 кітапшасына тіркеу.	Жыл бойы.
1.19	Оқырмандар пайдалануға алып жоғалтып алған кітаптар мен басқа да құжаттарға шығыс- кіріс актісін жасау.	Қозғалысы барысында.
1.20	Оқырмандар пайдалануға алып жоғалтып алған кітаптар мен басқа да басылымдардың орнына қабылданған құжаттарға жасалған шығыс-кіріс актісіне сәйкес басылымдарды мүлік кітабына енгізу, және қордан шыққандығы туралы белгі қою.	Қозғалысы барысында.
1.21	Кітапхана ішінде «Тазалық күнін» өткізіп отыру.	Айына 1рет

## 2. Библиографиялық жұмыс

2.1	Библиографиялық анықтамаларды орындау ауызша:- <ul style="list-style-type: none"> <li>- ашық кітап таңдауы жағдайында кітап сөресі жанында</li> <li>- оқырмандармен әңгіме өткізу, кеңес беру</li> <li>- оқырмандардың ауызша талабы бойынша әдебиеттерді іріктеу.</li> <li>- белгілі тақырып бойынша әдебиеттерді іріктеу</li> </ul>	Жыл бойы
2.2	Кітапхана қорын толықтыру ісіне уақыт талабына сай жаңа ізденістер мен жаңа идеялар қажет. Міндетті дананы алу, сатып алу, жазылу, сыйлау, айырбастау немесе кез келген басқа әдістер нәтижесінде кітапхана қорын толықтыру. Бұл жұмыс жауапты, зерделі, ұқыптылықты, белсенділікті, көп ізденуді талап етеді, сондықтан ЖББО сұранысты директордың ОІЖ орынбасарымен келесіп беруге. Арнайы пәндерге арналған басылымдарға сұранысты пән жетекшілерінен сұраныстарын жинақтап, топтастырып тиісті басылымға жіберуге.	Қаржылық көмек және басқадай мүмкіншіліктер қарастырылған жағдайда.
2.3	Оқырмандарға « <b>Жаңа кітаптар</b> » атты кітап көрмесін ұйымдастыру, жаңадан келіп түскен кітаптарға хабарлама тізімдерін жасау арқылы оқырмандарды жаңадан келіп түскен әдебиеттердің түрлерін насихаттау.	Әдебиеттердің кітапхана қорына келіп түскеніне байланысты.

### III. Көпшілік жұмыстар

р/с	Кітапхана процестерінің атаулары	мерзімі
3	<b>Атаулы күндерге байланысты, топтарға барып білімгерлер арасында библиографиялық шолу өткізу.</b>	
3.1	Қазақстанның халық жазушысы, қоғам және мемлекет қайраткері <b>Шерхан Мұртазаның</b> туғанына <b>90</b> жыл (28.09.1932-08.10.2018) толу құрметіне ақынның өмір жолы мен шығармашылығынан.	Қыркүйек
3.2	Қаһарман қазақ қызы- Кеңес Одағының Батыры <b>Мәншүк (шын есімі –Мәнсия) Жиенғалиқызы Маметованың</b> туғанына <b>100</b> жыл (02.10.1922- 16.10.1943) толу құрметіне, батыр қыздың өшпес ерлігінен.	Қазан
3.3	Кеңес одағының батыры, жерлесіміз <b>Сәду Шакировтың</b> туғанына <b>100</b> жыл (22.10.1922-10.04.1977) толу құрметіне, батырдың өшпес ерлігінен.	Қараша
3.4	Мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, Қазақ хандығының соңғы ханы <b>Кенесары Қасымұлының</b> туғанына <b>220</b> жыл (1802-1847) толу құрметіне, қазақ сұлтаны өз Отанының ыстық патриоты бола отырып, тәуелсіздік ісіне өмірін арнағаны жайлы.	Желтоқсан
3.5	Дарынды ақын, ірі ғалым, әрі журналист <b>Ахмет Байтұрсынұлының</b> туғанына <b>150</b> жылдығы (28.01.1873-1938) ЮНЕСКО-ның халықаралық мерейтойлар тізіміне кірді, осы мерейтой құрметіне дарынды ақынның өмір жолы мен шығармашылығынан.	Қаңтар
3.6	Асқақ ақын, жаужүрек батыр <b>Махамбет Өтемісұлының</b> туғанына <b>150</b> жыл (1803-1846) толу құрметіне асқақ ақынның өмір жолы мен шығармашылығынан.	Ақпан
3.7	Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы <b>Мағжан Жұмабаевтың</b> туғанына <b>130</b> жыл (1893-1938) толу құрметіне ақынның өмір жолы мен шығармашылығынан.	Наурыз
3.8	Қазақтың халық қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы сыйлықтың лауреаты, көрнекті жазушы, Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры, әйгілі партизан, көзі тірісінде аты аңызға айналған халқымыздың қайталанбас біртуар перзенті <b>Қайсенов Қасымның</b> туғанына <b>105</b> жыл (23.04.1918-2006) толу құрметіне көрнекті жазушының өнегелі өмірі, ерлігі мен шығармашылығынан.	Сәуір
3.9	Ақын, ұлы ойшыл, композитор, аудармашы <b>Құдайбердіұлы Шәкәрімнің</b> туғанына <b>165</b> жыл (1858-1931) толу құрметіне ұлы ойшылдың өнегелі өмірі шығармашылығы жайлы	Мамыр
3.10	Әнші- композитор <b>Ақан Сері (Ақжігіт) Қорамса</b> ұлының туғанына <b>180</b> жыл (1843-1913) толу құрметіне өнер жолындағы өнегелі өмірі жайлы.	Маусым
4	<b>Библиографиялық ұсыныс тізімін жасау.</b>	
4.1	<b>2022-2023</b> оқу жылындағы білім беру саласындағы мерей той иелерінің құрметіне.	Жыл бойы
4.2	Дарынды ақын, ірі ғалым, әрі журналист <b>Ахмет Байтұрсынұлының</b> туғанына <b>150</b> жылдығы (28.01.1873-1938) ЮНЕСКО-ның халықаралық мерейтойлар тізіміне кірді, осы мерейтой құрметіне дарынды ақынның өмір жолы мен шығармашылығынан.	Жыл бойы
4.3	Мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, Қазақ хандығының соңғы ханы <b>Кенесары Қасымұлының</b> туғанына <b>220</b> жыл (1802-1847) толу құрметіне, қазақ сұлтаны өз Отанының ыстық патриоты бола отырып, тәуелсіздік ісіне өмірін арнағаны жайлы	Жыл бойы

5	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Кітапты сыйға тарт- В подарок- книга» атты акциясының жұмысын жалғастыру.	Жыл бойы
5.1	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Кітапты сыйға тарт- В подарок- книга» атты акция барысында кітапхана қорына сыйға тартылған басылымдарға кітапхана қорына енгізу туралы кіріс актісін жасау.	Жыл бойы.
5.2	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Кітапты сыйға тарт- В подарок- книга» атты акция барысында кітапхана қорына сыйға тартылған басылымдарға кітапхана қорына енгізу туралы, кіріс актісі рәсімделген жағдайда басылымдарды мүлік кітабына енгізу.	Жыл бойы
6	Республикалық «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында жалпыхалықтық оқылымға ұсынылған, биылғы жылы туғанына <b>150</b> жыл толып отырған қазақ халқының ұлы тұлғасы, қоғам қайраткері, ақын, реформатор <b>Ахмет Байтұрсынұлының</b> шығармашылық мұрасы арқылы өскелең ұрпақ бойында елжандылық, адамгершілік сынды қасиеттерді дарытып, аталған акцияға қолдау көрсету мақсатында ақын шығармашылығын оқырмандар арасында кеңінен насихаттап оқуға шақыру.	Жыл бойы
7	<b>Кітап көрмелері:-Тұрақты көркемдеп, безендірілген көрмелер ұйымдастыру.</b>	
7.1	Патриоттық тәрбие аясында:- «Рухани жаңғыру - табысты ел болудың кепілі» - атты.	Тұрақты
7.2	Қазақ тілі бұрышын «Сөз түзелмей, көш түзелмейді»- атты	Тұрақты
7.3	Салауатты тәрбие аясында:- «Салауатты өмір сүрсен қызғалдақтай өнерсің»- атты	Тұрақты
7.4	Азаматтық тәрбие аясында:- «Өз құқықтарымызды білеміз бе?» - атты	Тұрақты
7.5	Экологиялық тәрбие аясында:- «Экология тазалығы- денсаулық кепілі» - атты	Тұрақты
7.6	Әдет- ғұрып тәрбие аясында:- «Қазақ ырымдары »-атты	Тұрақты
8	<b>Кітап көрмелері:- Атақты жазушылардың, қоғам қайраткерлері және басқа да атаулы даталарға байланысты көркемдеп, безендірілген кітап көрмелерін ұйымдастыру.</b>	
8.1	<b>5 қыркүйек</b> Қазақстан Республикасының тіл мерекесі күні. Тіл мерекесіне орай «Сөз түзелмей, көш түзелмейді»- атты.	Қыркүйек
8.2	Қазақстанның халық жазушысы, қоғам және мемлекет қайраткері <b>Шерхан Мұртазаның</b> туғанына <b>90</b> жыл (28.09.1932-08.10.2018) толу құрметіне	Қыркүйек
8.3	Қоғам қайраткері: жазушы, педагог, филология ғылымының докторы <b>Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың</b> туғанына <b>125</b> жыл (28.09.1897-27.06.1961) толу құрметіне	Қазан
8.4	Халық жазушысы, көрнекті қоғам қайраткері <b>Ғабиден Мұстафиннің</b> туғанына <b>120</b> жыл (26.11.1902-20.01.1985) толу құрметіне	Қараша
8.5	Қазақстанның халық жазушысы <b>Әзілхан Нұршайықовтың</b> туғанына <b>100</b> жыл (15.12.1922-12.02.2011) толу құрметіне	Желтоқсан
8.6	<b>Тәуелсіз Қазақстанымыздың 31</b> жылдық мерейтойы құрметіне «Тәуелсіздік- азаттығым, бақ күнім» атты	Желтоқсан
8.7	Дарынды ақын, ірі ғалым, әрі журналист <b>Ахмет Байтұрсынұлының</b> туғанына <b>150</b> жыл (28.01.1873-1938) толу құрметіне	Қаңтар
8.8	Асқақ ақын, жаужүрек батыр <b>Махамбет Өтемісұлының</b> туғанына	Ақпан

	<b>150 жыл (1803-1846) толу құрметіне</b>	
8.9	Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы <b>Мағжан Жұмабаевтың</b> туғанына <b>130 жыл (1893-1938) толу құрметіне</b>	Наурыз
8.10	Халықаралық әйелдер мерекесі құрметіне <b>«Сыйынар ем-ана деген Тәңірге!»</b> - атты.	Наурыз
8.11	Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі құрметіне <b>«Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!»</b> атты	Наурыз
8.12	Қазақстан халықтарының бірлік және ынтымақ күні мерекесіне орай <b>«Ынтымақ- достық кепілі»</b> атты	Сәуір
8.13	Қазақтың халық қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы сыйлықтың лауреаты, көрнекті жазушы, Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры, әйгілі партизан, көзі тірісінде аты аңызға айналған халқымыздың қайталанбас біртуар перзенті <b>Қайсенов Қасымның</b> туғанына <b>105 жыл (23.04.1918-2006) толу құрметіне</b>	Сәуір
8.14	Ұлы Отан соғысындағы Ұлы жеңіске <b>77 жыл толу құрметіне «Арулар отты жылдарда!»</b> атты.	Мамыр
8.15	Ақын, ұлы ойшыл, композитор, аудармашы <b>Құдайбердіұлы Шәкәрімнің</b> туғанына <b>165 жыл (1858-1931) толу құрметіне</b>	Мамыр
<b>9</b>	Төмендегідей атаулармен ұйымдастырылған бұрыштарды жаңа әдебиеттермен, мақалалар жиынтығымен толықтырып отыру:- - <b>«Қазақ тілі бұрышы».</b> - <b>«Бітірушілерге көмек- В помощь выпускникам».</b> - <b>«Жаңа кітаптар».</b>	Жыл бойы

#### **IV. Колледж оқу бағдарламасына көмек.**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ұйымдарына пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу- әдістемелік кешендерінің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген қажет басылымдармен кітапхана қорын толықтырып отыру
2. Ақпаратты өзіндік іздену және оны дұрыс пайдалануға үйрету
3. Білімгерлердің шығармашылық дағдыларын дамыту
4. БАҚ-на уақтылы жазылып, уақтылы тіркеп- түгендеп тігіп отыру.

#### **V. Кітапханашының кәсіби шеберлігін арттыру.**


1. Кітапханада атқарылатын жұмыстың сапасын жақсартып, алдыңғы қатардағы кітапханалардың қатарына ену үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми педагогикалық кітапханасы құрастырған «Білім беру жүйесі кітапханаларына арналған үлгілі- регламенттік құжаттар және әдістемелік құралдар» атты әдістемелік жоба ережесін Астана «Фолиант» 2012 ж., А.А. Насырова, А.С. Аманованың «Организация библиотечных фондов и каталогов», «Пособие по библиографии и библиотековедению» атты кітаптарында көрсетілген нұсқауларды жұмыс барысында басшылыққа алу. Кітапхана саласындағы жаңадан жарық көріп жатқан әдістемелерді мерзімді басылымдардан оқып іс жүзіне асыру.
2. Аудандық, республикалық, облыстық білім жетілдіру курстарынан өту. Білім басқармасымен тікелей байланыста болып, мамандығымызға байланысты қалалық, облыстық, Республика көлеміндегі семинар- кеңестерге қатысып тұру.
3. Өзін-өзі жетілдіру жұмыстарын жүргізу.

4. Басқа кітапханалармен тығыз байланыста болу. Әр айдың алғашқы аптасының бір күнін «Әдістемелік күнге» арнап, «Әдістемелік күні» басқа оқу орындарының кітапханаларына барып, әріптестерімнің іс-тәжірибелерінің ерекшеліктерімен танысып, пікір алмасуға, ондағы мақсат әріптестердің үлгі тұтатындай істерін көзімізбен көріп өзімізге қажетті істерін кітапханамызда іс жүзіне асырып отыруға.

#### **VII. Материалдық- техникалық базаны нығайту.**

1. Кітап қорын толықтыру барысында оқу процессіне байланысты қажет басылымдарға уақтылы тапсырыстар беру
2. Колледж әкімшілігіне:-
  - 2.1. Білім министрі Асхат Аймағамбетовтың ұсынысын қабылдау барысында кітапхана қорын қазақ тіліндегі әдебиеттермен толықтыруға мүмкіншіліктер қарастыруға
  - 2.2. Кітапхананың іс қағаздарын жүргізуге қажетті заттарға сұраныстар беру
  - 2.3. Кітапхана ішіне ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізуді талап ету
  - 2.3. Колледждің материалды-техникалық базасын жақсарту мақсатында, кітапхананың кітап сөрелерін, кітапханалық стандартқа сай жасалған сөрелермен жабдықтауды талап ету
  - 2.4. Сонымен қатар принтермен жабдықтауды

Кітапханашы:



Жалбиева Б.М.